



**«Ломбард AST Кредит» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
компаниясында қарыз алушылармен берешекті сотқа дейінгі реттеу
қағидалары**

Нұр-Сұлтан қаласы, 2021 жыл

Осы қағидалар 26.11.2012 жылғы «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес әзірленді және келесі ережелерді қамтиды:

- Қарыз алушыларды тіркеу тәртібі және өтініш беру мерзімдері
- Шешімдер қабылдау үшін қарыз алушының және қосалқы қарыз алушының (бар болса) қаржылық және әлеуметтік жағдайын талдау
- Қарау нәтижелері туралы қарыз алушыларды хабардар ету.

1. ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ЖҮГІНУ МЕРЗІМДЕРІ

Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алу кезінде, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей микроқаржы ұйымы қарыз алушыны микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен және мерзімдерде:

1) хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау бойынша мерзімін өткізіп алғаны және төлемдер енгізу қажеттілігі туындағаны;

2) қарыз алушы – жеке тұлғаның микрокредит беру туралы шарт бойынша микроқаржы ұйымына жүгіну құқығы;

3) қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы хабардар етеді.

Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарыз алушы – жеке тұлға Ломбардқа баруға және (немесе) жазбаша нысанда не микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындауды кешіктірудің туындау себептері, кірістер және оның микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішті ұсынуға құқылы, оның ішінде келесілермен байланысты:

1) микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін не сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгерту;

2) негізгі қарыз және (немесе) сыйақы бойынша төлемнің мерзімін ұзарту;

3) берешекті өтеу әдісін немесе өтеу кезектілігін өзгерту, оның ішінде негізгі қарызды басым тәртіппен өтеумен;

4) микрокредит мерзімін өзгерту;

5) мерзімін өткізіп алған негізгі қарызды және (немесе) сыйақыны кешіру, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жою;

6) кепіл берушінің ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті тараптардың келісімінде белгіленген мерзімдерде өздігімен өткізу;

7) кепілге салынған мүлікті микроқаржы ұйымына беру арқылы микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына шегінбелі ақша беру;

8) сатып алушыға микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені бере отырып, ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізу.

Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішті қарыз алушы микрокредит берген микроқаржы ұйымына (бұдан әрі – өтініш) Микроқаржылық қызмет туралы Заңның 9-2-бабының 2-тармағына сәйкес береді. Қарыз алушының өтініші микроқаржы ұйымымен міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға жатады.

Қарыз алушы толық емес мәліметтер мен құжаттарды ұсынған болса ломбард оларды сұратады.

Қарыз алушы сұратылған құжаттарды 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынады.

Сұратылған құжаттарды көрсетілген мерзімде ұсынбау қарыз алушының өтінішін қарамауға негіз болып табылады, бұл туралы тиісті хабарлама жіберіледі.

2. ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУ ҮШІН ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚОСАЛҚЫ ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ (БАР БОЛСА) ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Ломбард қарыз алушының төлем қабілеттілігін есептеу кезінде микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы мәселені қарау кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы №215 қаулысымен бекітілген микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымның қарыз алушының борышкерлік жүктемесі коэффициентін есептеу қағидаларының және шекті мәнінің талаптарын басшылыққа алады.

Ломбард қарыз алушының борышкерлік жүктемесінің коэффициентін есептеуді:

қарыз алушыға ашық кредиттік желі шеңберінде микрокредит (микрокредиттің бір бөлігін) беруді қоспағанда, қарыз алушыға микрокредит беру;

қарыз алушыға кредиттік желі ашу (кредиттік лимит белгілеу);

микрокредит беру туралы жасалған шарт (шарттар) шеңберінде қарыз алушыға қосымша микрокредит беру;

микрокредитті өтеу кестесіне сәйкес осы микрокредит бойынша мерзімдік төлемдер мөлшерін ұлғайтуға әкеп соғатын қарыз алушының ашық кредиттік желісі және (немесе) микрокредиті шарттарының өзгеруі.

Қарыз алушының кірісі келесі критерийлердің біреуі және (немесе) бірнешеуі негізінде айқындалады:

1) қарыз алушы өтініш берген күннің алдындағы 3 (үш) айдан 12 (он екі) айға дейінгі кезеңдегі ресми кірісі;

2) қарыз алушы өтініш берген күннің алдындағы 3 (үш) айдан 12 (он екі) айға дейінгі кезеңдегі дебеттік карта бойынша шығыстардың орташа айлық сомасы;

3) қарыз алушы өтініш берген күннің алдындағы 3 (үш) айдан 12 (он екі) айға дейінгі кезеңдегі дебеттік картаны толықтырудың орташа айлық сомасы;

4) микрокредитті ресімдеуге өтініш берген күнге депозиттегі және (немесе) ағымдағы шоттағы қалдықтар сомасы;

5) қарыз алушы өтініш берген күннің алдындағы 3 (үш) айдан 12 (он екі) айға дейінгі кезең ішінде депозиттерді және (немесе) ағымдағы шоттарды толықтырудың орташа айлық сомасы;

6) қарыз алушы өтініш берген күннің алдындағы 3 (үш) айдан 12 (он екі) айға дейінгі кезең ішінде депозиттерден және (немесе) ағымдағы шоттардан алынатын орташа айлық сома;

7) қарыз алушы бір мезгілде төлеген соңғы үш жылдағы жабылған микрокредиттер, банк қарыздары бойынша ай сайынғы төлемнің максималды сомалары;

8) қарыз алушының жабылған микрокредитінің, банк қарызының максималды сомасы. Бұл ретте мұндай сома кемінде 4 (төрт) орташа айлық жалақыны құрайды.

9) қарыз алушының жабылған микрокредиттері, банк қарыздары бойынша ішінара-мерзімінен бұрын өтеудің максималды сомасы (қарыз алушының микрокредиттерін, банк қарыздарын ішкі қайта қаржыландыру есебінен ішінара-мерзімінен бұрын өтеуді қоспағанда);

10) қарыз алушының жабылған микрокредиттері, банк қарыздары бойынша мерзімінен бұрын өтеудің максималды сомасы (қарыз алушының микрокредиттерін, банк қарыздарын ішкі қайта қаржыландыру есебінен өтеуді қоспағанда);

11) «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының азық-түлік емес бөлігінің мәнінен асатын, қарыз алушы өтініш берген күннің алдындағы 3 (үш) айдан 12 (он екі) айға дейінгі кезеңде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер бойынша, телекоммуникациялық қызметтер бойынша шығыстардың орташа айлық сомасы;

12) қарыз алушы өтініш берген күннің алдындағы соңғы 12 (он екі) айда шетелде жүзеге асырылған банк төлемінің сомасы;

13) қарыз алушы өтініш берген күннің алдындағы соңғы 12 (он екі) айдағы шетелге шығуға сатып алынған билеттің құны;

14) қарыз алушы өтініш берген күннің алдындағы 3 (үш) айдан 12 (он екі) айға дейінгі кезеңде интернет-дүкеннен сатып алудың орташа айлық сомасы;

15) меншігінде жылжымалы (автокөлік құралы, үй малы, ауыл шаруашылығы және (немесе) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға пайдаланылатын жабдық) және (немесе) жылжымайтын мүліктің болуы, микрокредит құнынан асатын орташа нарықтық құны. Мүліктің орташа нарықтық құны «Әділ құнды бағалау» №13 Халықаралық қаржылық есептілік стандартына және «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес микроқаржы

ұйымының тәуелсіз бағалауы немесе бағалауы негізінде айқындалады. Қарыз алушыда шығарылған сәтінен бастап 15 (он бес) жылдан аспайтын автокөлік құралы және жалпы ауданы 30 (отыз) шаршы метрден асатын жылжымайтын мүлік үшін жылжымайтын мүлік пен автокөлік құралы бір мезгілде болған кезде орташа нарықтық құнды айқындау талап етілмейді;

16) қарыз алушы өтініш берген күннің алдындағы 6 (алты) айдан 12 (он екі) айға дейінгі кезеңде жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдаудан түсетін орташа айлық кіріс (мұндай кірістер делдал компаниясы арқылы расталған кезде);

17) қарыз алушы өтініш берген күннің алдындағы 12 (он екі) ай кезеңіндегі бірыңғай жиынтық төлемнің төленгенін растайтын құжаттың болуы. Әрбір ай үшін табыс «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тиісті қаржы жылына белгіленген минималды жалақының бір мөлшері деңгейінде қабылданады;

18) қарыз алушының өтініш берген күнінің алдындағы 3 (үш) айдан 12 (он екі) айға дейінгі кезеңдегі, жұмыс орнынан түсетін кірістер туралы анықтаманың және (немесе) оқу орнынан алынатын стипендияның мөлшері туралы анықтаманың негізінде есептелген орташа айлық табыс.

Осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), 6) және 12) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты қарыз алушы береді және (немесе) микроқаржы ұйымы қарыз алушының жазбаша нысанда не қарыз алушының сәйкестендіру құралы арқылы берген келісімі негізінде сұратады және (немесе) микроқаржы ұйымының ақпараттық жүйесінде тексеріледі.

Осы тармақтың 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты микроқаржы ұйымы кредиттік бюродан сұратады.

Осы тармақтың 9), 10), 11), 13), 14), 15), 16), 17) және 18) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты қарыз алушы тиісті құжаттарын ұсына отырып, растайды және (немесе) микроқаржы ұйымының ақпараттық жүйесінде тексеріледі.

Атаулы әлеуметтік көмек алушыға қатысты оның кірісін бағалау осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген ресми кірісі негізінде айқындалады.

Егер бір немесе бірнеше критерий негізінде айқындалатын кіріс мөлшері «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан және отбасының әрбір кәмелетке толмаған мүшесіне шаққандағы ең төмен күнкөріс деңгейінің жартысынан аз болса, сондай-ақ қарыз алушының борышкерлік жүктемесі коэффициентінің мәні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашада №215 қаулысымен бекітілген шекті мәннен артатын болса, микроқаржы ұйымы келесілер туралы оң шешім қабылдамайды:

қарыз алушыға ашық кредиттік желі шеңберінде микрокредит (микрокредиттің бір бөлігін) беруді қоспағанда, қарыз алушыға микрокредит беру;

қарыз алушыға кредиттік желі ашу (кредиттік лимит белгілеу);

микрокредит беру туралы жасалған шарт (шарттар) шеңберінде қосымша микрокредит беру;

микрокредитті өтеу кестесіне сәйкес осы микрокредит бойынша мерзімдік төлемдер мөлшерін ұлғайтуға әкеп соғатын қарыз алушының ашық кредиттік желісі және (немесе) микрокредит шарттарының өзгеруі.

Ломбард қарыз алушының несиелік қабілетін бағалаудың өзіндік жүйесі негізінде қарыз алушының борышкерлік жүктемесін дербес айқындайды. Егер қарыз алушының кредит қабілеттілігін бағалаудың өзіндік жүйесі негізінде Ломбард айқындаған қарыз алушының борышкерлік жүктемесі коэффициентінің мәні борышкерлік жүктеме коэффициентінің шекті мәнінің қаулысынан төмен болса, ломбард қарыз алушының кредит қабілеттілігін бағалаудың жеке жүйесін басшылыққа алады:

қарыз алушыға ашық кредиттік желі шеңберінде микрокредит (микрокредиттің бір бөлігін) беруді қоспағанда, қарыз алушыға микрокредит беру;

қарыз алушыға кредиттік желі ашу (кредиттік лимит белгілеу);

микрокредит беру туралы жасалған шарт (шарттар) шеңберінде қосымша микрокредит беру;

микрокредитті өтеу кестесіне сәйкес осы микрокредит бойынша мерзімдік төлемдер мөлшерін ұлғайтуға әкеп соғатын қарыз алушының ашық кредиттік желісі және (немесе) микрокредиті шарттарының өзгеруі.

3. ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАРАУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУ

Ломбард қарыз алушының өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде микрокредит беру туралы шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістерді жазбаша нысанда не микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен қарайды, қарыз алушыға:

1) микрокредит беру туралы шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу;

2) берешекті реттеу жөніндегі өз ұсыныстары;

3) мұндай бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту туралы хабарлайды.

Ломбард микрокредит беру туралы шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы шешім қабылдаған кезде микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі мен мерзімдері микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымның ішкі құжатымен айқындалады, бұл ретте мұндай өзгерістерді енгізу мерзімі микроқаржы ұйымы осындай шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайды.

Ломбард микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту жөнінде өз ұсыныстарын жіберген кезде микроқаржы ұйымы ұсынған микрокредит беру туралы шартты өзгерту талаптарына қарыз алушының жауап беру мерзімі микроқаржы ұйымының хатында көрсетіледі, қарыз алушы микроқаржы ұйымының шешімін алған күннен бастап кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күнді құрайды.

Қарыз алушы - жеке тұлға «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 3-бабының 3) тармақшасында көзделген Ломбардтың шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде микроқаржы ұйымын бір мезгілде хабардар ете отырып, уәкілетті органға жүгінуге құқылы.

Уәкілетті орган қарыз алушы-жеке тұлғаның Ломбардқа өтінішінің дәлелдерін ұсынған және Ломбардпен микрокредит беру туралы шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізбеген кезде оның өтінішін қарайды.

Уәкілетті орган «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын қарыз алушы-жеке тұлғаның, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес тұрғын үй болып табылатын, ипотекамен қамтамасыз етілген жылжымайтын мүлікке микрокредит беру туралы шарт бойынша өтінішін қарау кезеңінде, сотқа талап арыз беру жолымен кепілге салынған мүлікке қолданылатын айналдыру әдісіне жол берілмейді.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде белгіленген талап уәкілетті органның өтініш берілген күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен астам өтінішті, сондай-ақ қарыз алушы-жеке тұлға бұрын қаралған мәселе бойынша қайта өтініш берген жағдайларына қолданылмайды.

Қарыз алушы-жеке тұлғаның өтінішін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды.

Талап қанағаттандырылмаған, сондай-ақ микрокредит беру туралы шарт бойынша қарыз алушы-жеке тұлға берешекті реттеу құқықтарын іске асырмаған не қарыз алушы-жеке тұлға мен микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту жөніндегі Ломбард арасында келісім болмаған жағдайларда ломбард міндетті:

1) қарыз алушыға қатысты шараларды қолдану туралы мәселені қарауға.

Шаралар қолдану туралы шешім қабылдау микрокредиттер беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады;

2) берешекті сотқа дейінгі өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беруге.

Қарыз алушы микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындауды кешіктіруге жол берген кезде микрокредит беру туралы шартта Ломбардтың коллекторлық агенттікті тартуға құқығы болған кезде берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және коллекторлық агенттікке реттеуге беруге жол беріледі;

3) «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) микрокредит беру туралы шартта көзделген шараларды қолдануға, оның ішінде микрокредит беру туралы шарт бойынша қарыз сомасын өндіріп алу туралы сотқа талап қоюмен жүгінуге, сондай-ақ кепілге салынған мүлікті соттан тыс тәртіппен немесе сот тәртібімен өндіріп алуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз алушы-жекеше кәсіпкерді, заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы сотқа талап-арызбен жүгінуге.